

ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН

Ұлыдан қалған мұра бұл Әлкей Марғұлан «Саят құстары»

Әр дәуірдің болмысы бөлек, тұлғасы ерен, тұғыры мықты айтулылары болады. Ондай асылдардың «Өзің – аспанда, ойың төменде жүргенше, өзің – төменде, ойың аспанда жүрсін», деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, ойы мен бойында ұлты мен жұрты, халқының қадірлі қасиеттері, салт-дәстүрлері тел қозыдай тең жүретінін артында қалған рухани мол мұраларынан аңғарасың.

Ұлт тарихында өшпес із қалдырған, өресі биік ғұлама ғалым, археология мен этнографияның қазақ топырағында негізін қалаған, ұшан-теңіз білім иесі, академик Әлкей Марғұлан десек, сол ұлы оқымыстының бұрын еміс-еміс естілген тағы бір жәдігер деуге тұрарлық жақсы дүниесі жұрт қолына тиіп отыр. Ол арагідік мерзімдік басылымдарда жарияланып келген «Саят құстары» атты құнды еңбегі еді.

Осы мұра таяуда Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының тапсырысы бойынша әдемі жинақ болып «Жарыс.kz» баспасынан жарық көрді.

Беташар сөзін зерделі ғалым, зерек зерттеуші, өткен ғасырдың алыптарын «тірілтіп» жүрген алаштанушы Тұрсын Жұртбай жазыпты. «Академик Әлкей Марғұлан... Дала данышпанының кейіннен табылған «Саят құстары» атты зерттеу еңбегі өз өмірінің қысылтаяң тұстарында жазылған. 1934-1939 және 1947-1953 жылдары академиялық іргелі ғылыммен айналысудан шеттетіліп, қазақ эпосы мен тарихы туралы зерттеулері саяси қағажуға ұшыраған кезде Әлкең елден бойын аулақ салып, «тасада жүріп» деректер жинап, ұлтының ұмыт қалған өнерін зерделеп, қағазға түсірген екен», дейді профессор. Бұл қоспасы жоқ ақиқат сөз.

Әр алуан құстардың суретімен көмкеріліп, әдемі безендірілген кітапқа енген мақалалар бірнеше тақырыпқа жүйеленіпті. Мысалы, «Саят құстарының жаратылыстағы ерекшеліктері» атты топтамада «Саятшылардың анықтауынша, жалпы, құс заты бір-біріне қайшы тұратын үлкен екі топқа бөлінеді. Оның бірі – желбесін құстар, екіншісі – тұяқты

құстар. Бұларды ұғым бойынша бұрын «адал», «арам» құс деп келген. Желбесін құс дегеніміз – етін жеп, мамық жүнін шаруаға жұмсайтын пайдалы құстар тобын айтады... Ал енді тұяқты құстарға келсек, олар да өзара екі топтан құралады», деп құстар әлеміне шолу жасап, әрқайсысының сыр-сипатын, түр-түсін жүйелі көрсетіп отырады.

«Саят құстарының түрлері» атты бөлімде бүркіт, ителгі, тұйғын, тұнжыр, қаршыға, қырғи, лашын, жағалтай, тұрымтай, сұңқар жайлы жан-жақты баяндап, әрқайсысына сипаттама береді. Халық жырларында айтылатын байламдардан да мысалдар келтіріп, кемел оймен келістіре суреттейді. Саят құстарының ең ірісі бүркіт екенін айтып, сұңқардың сүйкімді болатын себебіне түрлі дәйектер келтіреді. Халық мақалдарының шығу тегі қайда жатқанын да алға тартады. Көп жұрт біле бермейтін термин сөздер қаншама. Мысалы, «Сұңқарға талшық», «Сұңқар тамақ», тағы басқа.

Құстар жайын талдай келіп, оны ұстау әдістері, баулау тәсілдері, аңға салу үлгісі туралы ой қозғағанда, «Оралдың ақ иығы», «Алтайдың мұзбалағы», «Қазықтының қара кері», «Құмның қызылкөзі», «Желектінің жирен тұяғы», «Ертістің саршолағы», «Қарағайдың қоңыр аласы» деп алып, құс түріне келгенде «Сары шегір», «Қара шегір» дейді де, байтақ өңіріміздегі әр құстың өзіндік ерекшелігін тереңнен тамыр тартқан ұлттық үлгімен ұштастыра отырып, түлек жастарына дейін тамылжытып баян етеді.

Сол секілді саят құстарын түлету, баптап баулу жайын да назардан тыс қалдырмайды. Саят құстарына қажет құрал-саймандар да сараланады.

«Саятшылық өнері – мәдени істің бірі» деген бөлімде «Құсшы деп аңшылық жолындағы адамдардың бәрін айтпайды», дейді де аңшы, құсшылықтың төрт түрі болатынын, бұл кез келгеннің қолынан келмейтінін, жолай қосылып, жолым болады деу абырой әпермейтінін, киесінің барын, оны елей қоймай есіргендердің бірде болмаса бірде аяғы шалынатынын ғылыми түрде дәлелдейді. Аң аулаудың өзіндік өнер екенін, сайын даладағы салтанатқа үлкен мәдениеттілік керектігін алға тартады.

Кітаптағы бір ерекше атап өтер құндылық, аң-құс атауларына қатысты түсіндірме сөздік дер едік. Мәселен, саят құстарының қазақша, орысша аталуын қатар береді. Бұл үлгідегі тақырыпшалар «Саят құстары», «Желбесін (адал) құстар», «Қаз топтары», «Үйректер», «Балшықшы мен жылқышы топтарына кіретін құстар» және «Қыр құстары», «Арам құстар», «Жыртқыш аңдар», «Мамық жүнді аңдар», «Еті жеуге қосылған аңдар», деп кете береді.

Аңшылық сөздерінің аудармасы, мәселен, «Ақ сұңқар – Белый кречет», «ителгі – балобан», «лашын – сапсан», «қарашақаз – казарка», «әупілдек – выпь», «құтан – цапля», «желбесін – дичь», «ақбасүйрек – нырок савка», «барылдақ – кряква», «шуылдақ үйрек – свистун», «маңырақ құс – бекас», «өгіз шағала – мартышка», «құр – тетерев», «шіл – куропатка», «боздақ – цурка», «келес – чекан», «бақашы – скопа», «жапалақ – сова», «қарақұмай – черный гриф», ал аңшылық сөздердің аудармасы «ау – сеть, тенета, невод», «бүркіт салу – охота с беркутом», «балақ жүн – штань», «Қоң ет – бедражные мышцы», «томағалау – надеть клобучок, клобучечлить», осылай жалғаса береді. Осының өзінен-ақ ұлы ғалымның артына өлмес, өшпес мұра қалдырғанын аңғару қиын болмаса керек. Мұны ұлының ұлылығы демеске шараң қайсы?!

«Қу заман, ит тіршілік қинадың ғой», деп Алаш арысы Сұлтанбек Қожанов айтқандай, үрейді ұшырған үстем заманның өзінде осылайша ұлтқа керек дүниені қағазға түсіріп кетудің өзі ерлікке пара-пар екені айдай анық. Бұл екінің бірінің қолынан келмеген іс.

Осы күндері қолынан келгендер, бес қаруы сайлардың бәрі аңшы болып кетті. Бірақ олардың Әлкей Хақанұлының саят құстарын ұстау мен баулу мәдениетін жан-жақты саралап кеткендігінен хабары болып, бұл да халқымыздың қадірлі, дәстүрлі өнері екенін жүрек түкпіріне алтын түймедей сақтаса ұтылмас еді. Егер ғалымның осы еңбегін мектеп табалдырығын аттап әліппе ұстаған бүлдіршіндей, әр қазақ, әсіресе, саятшылыққа ден қойғандар жадында сақтаса жаңылыс баспас еді.

Жалпы, саятшылық өнер де – жұртымыздың ерекше салт үлгісінің әдемі әлемі. Мұны бағалап, төрткүл дүниеге танытып, бағын ашсақ тағы бір тағылымды істі тұғырына қондырған болар едік. Өйткені, жақсымызды үйрену былай тұрсын, үптеп әкетіп иемденіп кеткендер аз ба?

Сүлеймен МӘМЕТ